

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2018 жылғы «30» қараша

### 2018 жылдың 1 қарашасына қарай «БЖЗК» АҚ қызметінің маңызды көрсеткіштері

**Алматы, Қазақстан** – 2018 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 9 трлн теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңінен бері 1,5 трлн теңгеге артты. Бір жыл ішіндегі өсім – 19 пайыз болды. Ал 2018 жылдың басынан бері өсім – 1,3 трлн теңгені немесе 16 пайызды құрады. Зейнетақы жинақтарының басым бөлігі міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасып, олардың сомасы 8,9 трлн теңгеге жетті.

2018 жылдың 1 қарашасына қарай шарттардың барлық түрлері бойынша жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны 10,3 млн бірлікті құрады. Оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен ашылған шоттар 9,8 млн бірлік, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) есепке алу бойынша ЖЗШ саны 472,5 мың бірлік, ал ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша 46 мың бірлік болды.

2018 жылдың 10 айы ішінде Қор салымшыларының шоттарына есептелген таза инвестициялық табыс сомасы 715,6 млрд теңгеге жетті. Салыстырып қарасақ, өткен жылдың сәйкес кезеңінде таза инвестициялық табыс сомасы 457,7 млрд теңгені құрап, бір жыл ішіндегі өсім – 56 пайызды құраған еді.

2018 жылдың 1 қаңтары мен 31 қазаны аралығында зейнетақы активтерінің табыстылығы 8,9 пайыз болды. Бұл кезеңде инфляция деңгейі 3,7 пайызды құрады. Яғни, осы кезеңдегі зейнетақы активтері бойынша нақты табыстылық – 5,2 пайыз. Жылдық тұрғыдан алып қарағанда Қордың зейнетақы активтерінің табыстылығы 2017 жылдың 1 қарашасы мен 2018 жылдың 1 қарашасы аралығында 10,2 пайызды құрады. Бұл кезеңде инфляция деңгейі 5,3 пайызды көрсетті. Осылайша, табыстылық екі кезеңде де инфляция деңгейінен жоғары.

Салымшылар мен зейнетақы төлемдерін алушылар арасында ақпарат беру-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді күшейту және олармен тиімді байланыс орнату – Қор алдына қойылған маңызды міндеттердің бірі. Соған сәйкес ағымдағы жылдың 10 айы ішінде кәсіпорындар мен ұйымдарда 20 мыңнан астам таныстырылымдық шаралар өткізіліп, оларға 656 мыңнан астам адам қатысты. Салыстырып қарасақ, өткен жылдың сәйкес кезеңінде шамамен 14 мың таныстырылым өткізілген. Бір жыл ішіндегі өсім – 44 пайызды құрады.

Бүгінде Қор қызметтерін қашықтықтан алуға мүмкіндік беретін сервистер салымшылар мен алушылар арасында барған сайын танымал болуда. Қазіргі кезде электрондық форматта көрсетілетін операциялардың үлес салмағы 65 пайызға жетіп отыр.

Қор тікелей, қашықтықтан және өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесін барынша дамыту үстінде. Осылайша, салымшыларға зейнетақы жинақтарын қалыптастыруда ұйымдық тұрғыда көмек көрсетіліп жатыр. Салымшылар мен алушылар БЖЗҚ-ға өздері келіп, не болмаса 1418 тегін телефон нөміріне қоңырау шалу арқылы, әлеуметтік желілер, сондай-ақ, қашықтықтан: Қордың корпоративтік сайтындағы «Кері байланыс» және «Онлайн-чат» нысандары бойынша кұпия ақпараттан басқа өздерін қызықтырған барлық мәселелер бойынша кеңес ала алады. Бұдан басқа, [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтында Басқарма төрайымының блогы арнасына кіріп, сұрақ қоюға болады. Сонымен қатар Қоғамдық қабылдау арнасы жұмыс істейді. Онда кез келген адамның қабылдауға тіркеліп, өзін қызықтырған сұрақтар бойынша Қор басшылығы тарапынан жауаптар мен ақыл-кеңестер алуына мүмкіндігі бар.

***БЖЗҚ** 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы  
БАҚ үшін байланыстар: [press@enpf.kz](mailto:press@enpf.kz)